

SU студенттері арасында дәстүрлі
**«МЕН БОЛАШАҚ СӘТБАЕВ
(I AM THE NEXT SATBAYEV)»**
атты бейнероликтер байқауын өткізу туралы

Базалық білім беру институтының қазақ және орыс тілдері кафедрасы Қ.И.Сәтбаевтың туған күніне орай және «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында студенттер арасында «Мен болашақ Сәтбаев» атты ең үздік бейнеролик байқауын өткізеді.

Байқаудың мақсаты – Сәтбаев университетінің брендин насихаттау, жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу және өз университетінің тарихына құрметпен қарау, әрі студенттік өмір мен университеттегі оқу процесін әлеуметтік желілерде таныстыру.

Байқауға қатысу үшін 1 минуттық бейне материалды nextsatbayev@gmail.com поштасына (автордың аты-жөні мен байланыс деректерін көрсетіп) жіберіп, оны әлеуметтік желілерде #next_satbayev хэштегімен 2020 жылдың 30 наурызына дейін салу керек. Үздік бейнероликті анықтау бойынша байқау комиссиясының отырысы 8.04.2020 ж. сағ. 12-00-де 512-аудиторияда (Оқу бас ғимараты) өтеді. Жеңімпаздар электрондық пошта арқылы хабарланады. Жеңімпаздарды марапаттау 2020 жылдың 10 сәуірінде өтеді.

Байқауға Сәтбаев Университетінің кез келген студенті қатыса алады.

Бейне материалдардың мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар:

- бейнеролик жарыс тақырыбына сәйкес келуі керек;
- суреттің ең төменгі ажыратымдылығы 1920*1080 пиксельден кем болмауы керек (16:9 форматы); mp4 форматында.
- бейнероликті автордың өзі дыбыстауы керек, музыкалық ілеспесі болуы қажет;
- бейнероликті қазақ, орыс тілдерінде (ағылшын тіліндегі титрімен) дыбыстауға болады

Барлық жұмыс келесі критерийлер бойынша бағаланады:

1. Идеяның өзіндік ерекшелігі, әсерлі шығуы;
2. Мазмұндылығы мен ақпараттылығы, негізгі ойы;
3. Операторлық жұмыс, монтаж, дыбыстық ресімдеу;
4. Тақырыпты ашуы;
5. Шығармашылық және жаңашылдық;
6. Кафедраның Instagram парақшасындағы пікірлер саны бойынша.

Жеңімпаздарды марапаттау:

Жүлделі орын алған студенттер сертификаттармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталады (I орын – 50 000 тг., II орын – 30 000 тг., III орын – 20 000 тг.).

Байланыс деректері:

Қазақ және орыс тілдері кафедрасы
610-каб. (Оқу бас ғим.), тел.: +77750942400

Қазақбаева Шағала

E-mail: nextsatbayev@gmail.com

Instagram: SU_qaz_ru_kafedrasyy